

Ақтауда инвестициялық форум өтті

2012 жылдың 24-26 қыркүйек аралығында Ақтау қаласында Батыс Қазақстанда жаңа өндіріс құру атты инвестициялық форум болып өтті. Форумның жұмысына 5000 ден астам делегат қатысты, оның бағдарламасындағы отырыстар мен дөңгелек үстелдерде 10 жоғары мәртебелі баяндамашы болды және Маңғыстау облысының өндірістік алаңдарына барып көру де бағдарламада болды.

Бүгінде Қазақстанның батыс өңірі республиканың ішкі өнімінің 40% қамтамасыз етеді. Көмірсутекті шикізаттың негізгі қоры да осы батыста шоғырланған. Мұнда шетелдік және отандық ірі-ірі компаниялар жемісті еңбек етуде.

Форум құрылтайшысы болып KAZENERGY Ассоциациясы, «ҚазМұнай Газ» ҰК АҚ (КМГ), Карачаганак Петролиум Оперейтинг (КПО), North Caspian Operating Company (NCOS) және «Тенгизшевройл» ЖШС болып табылады. Форум Қазақстан Республикасының Мұнай және Газ министрлігінің, ҚР индустрия

және жаңа технологиялар министрлігінің, ҚР еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің, Маңғыстау, Атырау және Батыс Қазақстан облысының өкілдерінің, Шетелдік инвесторлардың қазақстандық Кеңесі Ассоциациясының ресми қолдауымен өтті.

Форумның спикерлері қатарына Қазақстан Республикасының Мұнай және Газ министрі Сауат Мыңбаев, ҚР индустрия және жаңа технологиялар министрі Әсет Исекешев, ҚР еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрі Гүлшара Әбдіхалықова, «ҚазМұнай Газ» ҰК АҚ басқарма төрағасы Ләззат Кинов, «Тенгизшевройл» ЖШС бас директоры Тим Миллер, NCOS басқарушы директоры орынбасары Жақып Марабаев, КПО-ның өндіріс бойынша директоры Лука Виньяти, ҰлыБритания парламентіндегі БританияҚазақстандық парламентарлық топтың басшысы Лорд Уэверли кірді.

Форум делегаттары арасында халықаралық және қазақстандық мұнай компанияларының, құрал-

жабдықтар өндірісінің, қызмет көрсету компанияларының басшылары, сол сияқты шетелдік сауда-өндірістік палаталар мен өртүрлі ассоциациялардың өкілдері бар.

Форумның мақсаты-Қазақстанның батыс облыстарының әлеуеттілігін дамыту, ірі мұнайгаз жобаларының қажеттілігін қанағаттандыру үшін жаңа өндірістер ашу, сол сияқты аймақ экономикасының басқа да секторларына жаңа инвестициялық мүмкіндіктер белгілеу.

Бұл шара жаңа инвестициялық мүмкіндіктерді, жаңа өндірісті құруға байланысты мәселелерді, бизнесті кеңейту, мемлекет тарапынан болсын, ірі және орта бизнес жағынан болсын нарықтың барлық өкілдерімен байланыс орнату мәселелері талқылаудың маңызды алаңына айналды.

Форумның негізгі тақырыптарының ішінде Батыс Қазақстандағы болашақ жобалар, инвестициялық климат, республиканың батыс аймағында жаңа өндірісті қуат ұйымдастыру мүмкіндіктері, ірі мұнайгаз жобаларының қажеттіліктері, перспективалы өндірістердің техникалық ерекшеліктері, перспективаны талқылау және мұнайгаз компанияларымен ұзақ уақытқа әріптестік орнату.

Форум нақты мәселелердің шешілуін мақсат етіп қойды. Олардың ішінде жаңа жұмыс орындарының ашылуы және қазақстандық қамтуды жұмысқа орналастырудың мүмкіндіктерін барынша молайта отырып дамыту, мұнай өндіруші аймақтың жергілікті тұрғындарын кәсіби жағынан дамыту бар. Аталған шарада экономиканың өндірістік секторына шетелдік инвестиция тарта отырып, нақты жобаларды жүзеге асыру мүмкіндіктері көпшілікке ұсынылып, талқыланды. Негізінен мұнайгаз өндірісіне көбірек көңіл

бөлінді, бірақ сонымен бірге басқа да бағыттар, мәселен, ауыл шаруашылығы, туризм, қуат беру, суды тазарту және машина құрылысы қатысушылар назарына ұсынылды.

Бұл жоба KAZENERGY Ассоциациясы мен «ҚазМұнай Газ» ҰК АҚ бастамасы болып табылады. ҚМГ басқарма төрағасы Ләззат Кинов: «Қазақстандық қамтуды дамыту, халықаралық және қазақстандық әріптестердің қатысуымен жаңа өндірістер ашу, мұнайөндіруші аймақтың тұрғындарымен жұмыс жасай отырып біз өзіміздің стратегиялық басымдылығымызды айқындаймыз. Ақтаудағы форум осы бағыттағы үлкен жұмыстың бір бөлігі. Осы бастаманы біздің барлық әріптестеріміз қолдайды деп сенемін».

ҰлыБритания парламентіндегі БританияҚазақстандық парламентарлық топтың төрағасы, «ҚазМұнай Газ» ҰК АҚ басқарма төрағасының жергілікті қамтуды дамыту бойынша кеңесшісі лорд Уэверли былай деді: «Батыс Қазақстан – бұл экономикалық әлеуеттілігі күшті жаңа және қызықты нарық. Форум жұмысы кезінде делегаттар назарына Қазақстан үкіметінің еліміздің батысшылық экономикалық өсіп-өркендеуді қаншалықты қолдайтынын көрсететін және экономиканың дамуында бізбен әріптес болуға ұмтылатын компаниялар үшін нақты мүмкіндіктер беретін бірқатар баяндамалар мен таныстырылымдар ұсынылатын болады».

Форум жұмысының жақсы нәтижелерінің бірі мұнайгаз өндірісі үшін, яғни Қазақстанда шетелдік компаниялармен бірлесіп отырып дамытын өндірістерге тауар жеткізу бойынша он үздік коммерциялық мүмкіндіктің жариялануы болды. ҚР үкіметінің өкілдері, мұнай және машинақұрылысы компанияларының өкілдерімен бірге форумға бизнес асалы өкілдерінің делегаттары да қатысты.



Қазақстанның әлеуметтік модернизациясына инвестиция салу

Жаз маусымының соңына қарай КПО ның құрылтайшы компанияларының бірі болып табылатын «БиДжиҚазақстан» компаниясының қаржылық көмегінің арқасында Батыс Қазақстан облысының және Бөрлі ауданының коммерциялық емес ұйымдарымен екі күндік тренинг өткізді.

Аталған тренинг Тұрғындарға әлеуметтік қызмет көрсетуді жақсарту мақсатында Батыс Қазақстан облысының коммерциялық емес ұйымдарының өркендеуін ұйымдастыру мен қолдау жүзеге әлеуметтік жобасы шеңберінде жүзеге асырылып жатқан тұрғындардың әлеуметтік жағынан күрделі бөлігімен жұмыс жасап жатқан қалалық және селолық коммерциялық емес ұйымдарымен жоспарланған бірнеше тренингтер сериясының алғашқысы болып табылады.

Жобаның мақсаты жергілікті жерлерде тұрғындардың әлеуметтік жағынан күрделі бөлігіне көрсетілетін әлеуметтік көмек сапасын жақсарту мен жұмыс жасап жатқан қоғамдық ұйым қызметкерлерінің кәсібилігін көтеру және әлеуеттілігін нығайту.

Екі күндік тренингте әлеуметтік салада қызмет ететін коммерциялық ұйымдар атынан 26 адам қатысты, сол сияқты до-норлар («БиДжиҚазақстан» компаниясы мен КПО компаниясы) және облыстың атқарушы органдарының өкілдері (БҚО ішкі саясат басқармасы). Бұл дегеніміз мемлекет пен қоғам және бизнес арасындағы әлеуметтік әріптестік пен өзара қарым қатынастың жарқын үлгісі. Өткен тренингтің нәтижесі бойынша қатысушылар мынадай бағыттарда білім алды:*

*КЕҰ құрылу себептері мен оның даму кезеңдері.

*КЕҰ табысты дамуы мен басқару фак-

торлары.

*мақсатты топтардың қажеттіліктерін анықтау мен олармен жұмыс тәсілдерін анықтау.

Негізінен тренингке соңғы бірнеше жыл бойына білім, денсаулық сақтау, әлеуметтік сала, мәдениет және өнер бағындағы өздерінің әлеуметтік жобалары мен бағдарламаларына КПО - дан демеушілік көмек алған КЕҰ шақырылды. Осындай ұйымдар КПО-ға стратегиялық маңызды әріптес бола отырып, Бөрлі ауданының тұрғындарымен тікелей байланыста жұмыс жасай отырып, әлеуметтік мәселелерді шешуге өз үлесін қосады.

Ның тұрақты даму мен тұрғындармен жұмыс бөлімі аталған коммерциялық емес ұйымдардың қажеттіліктерін сауалнама жүргізу жолымен анықтау мақсатында алғашқы зерттемелік жүргізді. Зерттеу жұмыстарының нәтижесі мен КПО-ның ұсынбасы «БиДжиҚазақстан» компаниясына жіберілді. «Қазақстанның Азаматтық Альянсымен» бірлесіп отырып осы тренинг дүниеге келді.

Сонымен бірге тренингқа қатысушы коммерциялық ұйымдармен тығыз байланыста жұмыс жасап келе жатқан КПО - ның тұрғындармен жұмыс бөлімінің мамандары да шақырылды.

Тренинг екі күн бойына тәжірибелі нұсқаушының қатысуымен, оқытудың интерактивті тәсілдерін қолдана отырып, қызықты да тартымды өтті. Барлық қатысушылар жергілікті коммерциялық емес ұйымдардың әлеуеттілігін арттырумен тұрғындардың қажеттілігіне сай бағдарламалар таңдауда білім мен дағдыларды қалыптастыру мен оны тиімді басқаруда осындай тренингтердің үлкен пайдасы бар және аса қажет екенін баса айтты, ал бұл өз кезегінде олардың қызметтерін тұрақтандыруға септігін тигізетіні сөзсіз.

Тілдер күні кешінің қорытындылары

19 қыркүйек 2012 жылы КПО-да Қазақстан халықтарының тілдер күні мерекесіне арналған түрлі тілде өлең және ән айту кеші өтті.

Біз осы кеште арнайы сыйлықтарға ие болған жеңімпаздар мен қатысушылардың есімдерін Сіздерге қуанышпен жариялаймыз.

Мәнерлеп оқу Марина Шакирова (ЕҚ,ҚТ мен ҚОҚ және сапаны бақылау бөлімі) and Малика Ишанова – Қонақ ретінде арнайы сыйлық, Елена Федорченко (Жалпы жобалау бөлімі) – Көтермелеу сыйлығы.

Үздік өнші 'International' тобы (Қызмет көрсету және Қызметкерлерді оқыту мен дамыту бөлімдері),

Руслан Давлетов (Ақпараттық технологиялар және телекоммуникациялар бөлімі) **Көрермен көзайымы** 'Cool' тобы (CAIN Power – мердігер компания) және 'International' тобы (Инфрақұрылым және қызмет көрсету мен Қызметкерлерді оқыту мен дамыту бөлімдері)

Жоғарғы басшылық сыйлығы Алуа Билалова (Өндіріс және техникалық қызмет көрсету бөлімі)

Тілдерді дамыту жобасының арнаулы сыйлығы Михаил Серегин, Илья Крапивин, Валентина Варочкина және Олег Толсташов (Инфрақұрылым және қызмет көрсету, Өндіріс және техникалық қызмет көрсету,

Ақпараттық технологиялар және телекоммуникациялар бөлімі) Кешіміздің қонағы – Жанар Кенжетева және байқауға қатысушылардың барлығы арнайы сыйлықтар алды.

Біз осы кештің жеңімпаздары мен белсенділік көрсеткендерге өз алғысымызды білдіреміз және де келесі жылы бұдан да көп әріптестеріміздің келуін күтеміз.



КПО оқушылар арасында қауіпсіздік мәдениетіне жұмылдыруда

Оқу жылының басында КПО өкілдері «Ақсай» радиосы студиясына барып, 2012 жылдың шілдесінде осындай атпен радиода ашылған, КПО - ның «Жол қауіпсіздігі» бағдарламасы жөнінде әңгімелеп берді.

КПО өкілдері, инфрақұрылым және қызмет көрсету бөлімінің ЕҚ және ҚОҚ, ҚТ менеджері – Ғазиза Хасанова, ЕҚ және ҚОҚ, ҚТ басқару жүйесінің құжаттармен жұмыс жөніндегі маманы – Мира Бердіғалиева, корпоративті мәселе жөніндегі ТҚ бөлімінің менеджерінің орынбасары Ирина Черкасова және ЕҚ және ҚОҚ, ҚТ корпоративті бөлімінің басқарушысы – Кристиано Джоаккини оқушыларды қауіпсіздік ережесіне оқыту жөніндегі компанияның болашақ жоспары мен бағдарламасының негізгі міндеттері жөнінде айтты.

Эфирге оқушылар да қатысып, жол қауіпсіздігі бағдарламасы бойынша викторина сұрақтарына жауап берді. Бағдарламаның қорытындысы бойынша жеңімпаздар КПО-дан естелік сыйлықтар алды.

«Жол қауіпсіздігі» бағдарламасының басты мақсаты - оқушыларға жолда жүру

ережесін оқыту. Жобаның жүзеге асырылу уақытында негізгі тақырыптар қозғалып, әсіресе мектеп демалысы кезінде маңызды, жолдағы қауіпсіздік ережесі және балалар роликті конкиде, мопедте және скутерада, велосипедте жүру ережесі жөнінде көп мағлұматтар.

Танымдық бағдарлама жастар арасында үлкен мәнге ие және осы бағдарламаның жүзеге асу уақыты ішінде жолда жүру ережесіне 100-ден астам Ақсайлық оқушылар оқытылды. Кристиано Джоаккини айтқандай, жолда жүру ережесі КПО бастамасымен тек жайдан жай пайда болған жоқ, компания үшін тек өз қызметкерлерінің ғана емес, сондай-ақ, олардың отбасының қауіпсіздігі компанияның басты міндеттерінің бірі болып табылады. Осы жайды ескере отырып, әсіресе балалар арасында қауіпсіздік ережесі жиі бұзылатындықтан, оларды жастайынан жол ережесіне үйрету маңызды.

2007 жылдан бері КПО компаниясы «Ақсай» радиосы арқылы оқушыларға жол қауіпсіздігі ережесін оқыту бағдарламасы бойынша белсенді қызмет көрсетіп



келе жатқанын атап өткен жөн. Оқыту бағдарламасы ішіне Ақсай радиосы бойынша берілетін «Бағдаршам», «Сөзбен және іспен» сияқты бағдарламаларды қамтыды. Хасанова Ғазизаның айту-

ынша, осындай жобалар болашақта да жалғасын таппақ, мысалы, қазіргі таңда мектептердегі қауіпсіздік бағдарламасын шығару жоспарлануда.

КПО экологияны қадағалауда

14 қыркүйекте «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясы «2013 жылға табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары» атты тақырыпта қоғамдық тыңдау өткізді. Іс-шара аудандық әкімдіктің үлкен залында болып өтті. Тыңдауға аудандық маслихаттың депутаттары, Бөрлі аудандық әкімдігінің өкілдері және кен орнына жақын орналасқан селолық округтердің өкілдері, бастамашыл топтардың өкілдері, қоғамдық ұйымдар өкілдері мен тұрғындар және БАҚ өкілдері өкілдері қатысты. Жиын кезінде ауаға газ шығарылу бойынша оның саны мен сапасы бойынша мамандардың есебі таныстырылды, сонымен қатар, қоршаған ортаның негізгі нысандарына әсер етуі: атмосфералық ауа, жер беті және жерасты сулары, жер құнары, өсімдіктер және жануарлар әлемі.

КПО Қарашығанақ кенорнының дамуы мен өсуіне басшылық етуде, ең ірі мұнайгаз конденсатты кенорнының көлемі 280 шаршы километрден астам. Мұнай, газ және конденсаттың бастапқы баланстық қоры 9 триллион баррелі конденсатты құрайды және 48 триллион куб. фут газ, толық есепті қорда 2,4 триллион баррелі конденсат және 16 триллион куб. фут газ.

КПО-ның басқы компаниялары ӨБТК - мен қол қойылған уақытынан бастап кенорнының игерілуіне 17 миллиард доллар инвестиция жұмсады және өндірістегі ең дамыған технологияларды экономикалық максималды табыс табу мақсатында пайдалана білді.

КПО Қарашығанақ кенорны операторы функциясын қабылдағалы бері қоршаған ортаны қорғаудағы Жоспарлық іс-шараларға 1998 жылдан 2012 жылдың шілдесі аралығында өз қаржысынан жалпы сомасы 32,5



миллиард көлемінде инвестиция жасады. Атмосфераға зарарлы заттердің шығарылу көлемін айтарлықтай төмендетті. Сонымен қатар, 2006 жыл мен 2011 жыл аралығын салыстырғанда атмосфераны ластайтын зарарлы заттердің шығарылуы 51% болып төмендеген. Егер басқа да компаниямен салыстырғанда, КПО газды жойып жіберу көрсеткіштері бойынша сенімді түрде жоғарғы деңгейден орын алды. 2011 жылы газды жойып жіберу 99,92% құрады, бұл әлемдік деңгейге жеткендігінің көрінісі.

Сонымен қатар, жер ресурстарын қорғау жөніндегі шаралар бойынша 1987 жылы №427 ұңғымасында болған апат себебінен бүлінген 53 га жер қалпына

келтірілді. Аймақ ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруге жарамды деңгейіне дейін жеткізілді. Ұңғыма жүргізу кезінде және құрылыс кезінде 1000 га дейінгі жеркөлемі бұзылған. Қалдықтар көлемін қысқарту және олардың қоршаған ортаға зиянын азайту бағытындағы шараларды жүзеге асыру шеңберінде компания қазіргі заман талабына сай «Эко-Центр» жүйесін салды. Ол өндірістік және коммуналдық қалдықтар қайта өңделеді және жойып жіберіледі. Бұл нысан екінші қайта өңдеу және бұрғылау ерітінділер мен шламдарды қоршаған ортаға қауіпсіз етуде әлемдік стандарттарға сай.

Қарашығанақ мұнайгаз конденсатты кенорнының аумағында және санитарлық қорғаныш аймағында 500 га жуық жерге 1 млн. астам ағаш отырғызылған.

Қоршаған ортаны қорғаудың 2013 жылғы жоспары 10 негізгі бөлімнен тұрады және 38 шараны қамтыған. Табиғатты қорғау шараларының жалпы шығыны 2013 жылға 7,1 млрд теңгені құрайды. Шаралардың басым бөлігі су ресурстарын қорғау, өндіріс қалдықтары мен тұтыну қалдықтарын орналастыру, атмосфераны қорғау.

Тыңдау кезінде бірқатар сұрақтар қойылды, КПО компаниясының өкілдері түсінікті етіп жауап берді. Барлық айтылған ескертулер мен ұсыныстар қорытынды хаттамаға түсіріліп, ескерілетін болды. Жалпы айтқанда, «Қоршаған ортаны қорғау жоспарының 2013 жылғы шаралары» дардан қолдау тапты.

туғызғандары үшін алғыс айтады.

КПО Батыс Қазақстан облысының Бөрлі ауданында қоғамның неғұрлым әлсіз топтарын әлеуметтік қолдауға бағытталған жобалардың бірқатарын жүзеге асыруда.

2011 жылы демеушілік қолдау шеңберінде КПО денсаулық сақтау, спорт, білім беру және мәдениет салаларында 45-тен астам жобалар жүзеге асырды.

КПО балаларға қамқор болуда

Жазы демалыс кезінде КПО компаниясы Бөрлі ауданының төрт ауылдық округтерінде (Березовка, Успен, Приурал, Жарсуат) тұратын балалар үшін «Талап» сауықтыру лагеріне демалыс ұйымдастырып, керемет сыйлық жасады. Дұрыс ұйымдастырған балалар демалысы – бұл, оқу жылын күтіп жүрген балалар үшін қажетті күш-қуат, жағымды әсерлер. Сонымен қатар, балалар ата-аналарының еректе етуге үйренеді, жаңа достар тауып, бір-біріне қамқор болып, өз бойларындағы балаға тән қорқыныштарын жеңіп, өздерін жеке тұлға ретінде сезінуге үйренеді. Балалар жақсы демалу үшін алыс жерлерге бару міндетті емес, Орал қаласында «Талап» АҚ жазғы балалар лагері жұмысын жүргізуде.

Приурал селолық округі мектебінің директоры Жанар Максимқызының айтуынша: «Лагерде балалардың демалысы - бұл балалардың көптеген қызықтарды білу үшін және өзінің талантының ашылуына үлкен мүмкіншілік туғызады. Біздің балаларымызға осындай жақсы ұйымдастырған КПО компаниясына алғысымыз шексіз.

КПО компаниясының тұрғындармен

жұмыс жөніндегі маманы Ақмарал Адилова: «КПО мен «Талап» АҚ арасындағы ынтымақтастық 2004 жылдан басталады. Бүгінде осы көпжылдық тәжірибені ескере отырып жазғы лагерде бала өз үйінедей сезінуі, мектептегі оқу үрдісінен демалуы, физикалық жағына шыңдалуы, көптеген достар табуы, қызыққа және естеліктерге толы күндерінің болуы бойынша жоғары деңгейге жетті. Биылғы жылы лагерде Березов, Успен, Приурал және Жарсуат ауылдық округтерінен 7-ден 14 жас аралығындағы 160 бала 10 күннен демалды. Бұл балалар аз қамтылған, көп балалы отбасылардан шыққан және оқу зәттары. КПО компаниясы атынан балаларға жақсы көңіл - күй мен шаттық, керемет демалыс тілеймін».

2004-2010 жылдар аралығындағы балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру жобасының жүзеге аса бастаған уақыттан бері «Талап» сауықтыру лагерінде барлығы 1000-нан астам балалар демалды.

Успен және Приуралдан келген балалар орналасқанша, басқа керемет демалған, қызыққа толы күндер кешкен және күш қуат алған Березов ауылынан

келген балалар үйге күтуге жиналған кез еді. Күндер қызықты өтті, әсіресе күнделікті би кештері бәрін қызықтырды.

Ата-аналар, балалар және ауылдық округ басшылығы КПО компаниясына балалардың жанын сергітіп, жаңа достар табуға, әдемі әсерлер алуға мүмкіндік

